



6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800
Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2012 жылғы 12 наурыз

ҚАЗАҚМЫСТА ПАРАМЕДИКТЕР ЖҰМЫСЫН БАСТАУДА

Қауіпсіздікті жоғарылату мен еңбекті қорғау жүйесін жақсарту жөніндегі бағдарлама аясында «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС Ғазиз Омаров атындағы шахталық-қазба тресінің Қарағандыдағы, Жезқазған мен Балқаштағы бөлімшелеріндегі 120 тау-кен шеберлері арнайы оқытудан өткізіліп, шұғыл білікті медициналық жәрдем көрсетуге қабілеттері бар парамедик мамандар болып танылды.

Әрбір парамедик, біріңғай анықтауыш формалы киім мен жиынтығы үнемі тексеріліп тұратын медициналық дәрі-дәрмектер қобдишасын қоса санағандағы жедел жәрдем көрсетуге қажетті деген медициналық құралдармен қамсыздандырылған. Жұмыс орнындағы диспетчерлер парамедиктің жүрген жері жайлы хабардар етіліп тұрады. Алдағы уақытта кеніштерде парамедиктерді шағын көлік құралдарымен қамтамасыз ету жоспарда бар.

Парамедиктерді даярлау – авариялардың, жарақаттанушылықтардың салдарларын мейлінше қысқарту әрі еңбек жағдайларын жақсарту мақсатымен шахталық-қазба тресінің (ШҚТ) кәсіпорындарында қабылданған шаралардың бірі. Сонымен қоса, кәсіпорындарда қазіргі заманғы жеке қорғану құралдары мен жарықтандырғыш аспаптар қолданылып жүр. Әсіресе, барлық тиеп-жеткізу машиналарының машинистері мен автосамосвалдардың жүргізушілері түтін мен газдардан, аэрозольдардан жұмыскерді қорғай алатын бетке толық киілетін маскалармен және де буланбайтын шынылармен жабдықталды. Сондай-ақ, ШҚТ бөлімшелерінде бұрыннан жұмыс істеп келген сілтілі құрылғыларға қарағанда, өнімдірек әрі аса қауіпсіз құрғақ зарядты жарық бергіштерді қолдануға толықтай көшіп отыр. Трестің кәсіпорындарында жұмыскерлерді оқытуға аса зор көңіл бөлініп отыр, соған жалпы былтырғы жылы 10 млн-нан астам теңге бөлінді.

Нәтижесінде, ШҚТ Қарағанды басқармасында 2011 жылы бірде-бір жазатайым уақиға болмаған, ал тресттің Қазақстан бойынша басқа басқармаларында – ешбір қайғылы уақиға орын алмаған. Жалпы шахталық-қазба тресінде қайғылы уақиғасыз жұмыс атқарылған уақыт аралығы жарты 2,5 миллион сағаттан астам болып отыр. Осылайша, Қазақмыстың шахталық-қазба тресті қауіпсіздік техникасын нормаларын сақтау саласындағы өзінің үлгілі статистикасымен өндірістік процестің қауіпті саналатын сатысы ретінде кеніштердің жерасты деңгейлеріндегі құрылыс жайында қалыптасқан ұғымдарды өзгертіп отыр.

«Біздің компаниямыз үшін жұмыскерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі мәселелері артықшылықты саналады. Шахталық қазба тресінің осынау өнегесі қауіпсіздік мәселелерін шешу барысында тікелей басшылар мен тау-кен шеберлерінің жауапкершіліктері мен дербес қатысуындағы басқару тетіктерін және озық әдістерді пайдалануда осы саладағы тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкін болатындығын дәлелдеп беріп отыр», - деп түсініктеді Игорь Рахимов, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС еңбекті, қауіпсіздік пен экологияны қорғау департаментінің директоры.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

Қазақмыс

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882 Тел: +44 78 7964 2675
Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +7 727 3304 556
Бақыт Мұқанова	Корпоративтік байланыстар бөлімінің менеджері	Тел: +7 727 3304 556

Мерлин

Дэвид Саймонсон	Тел: +44 20 7726 8400
Мария Бабкина	Тел: +44 20 7726 8400

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі қолданылудағы 18 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2010 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,8 млрд. АҚШ долларды құрағанда, Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,2 млрд. АҚШ доллары болған. Топта шамамен 60000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.